



БІЛІМ ӘЛЕМІНДЕ В МИРЕ ОБРАЗОВАНИЯ IN THE WORLD OF EDUCATION

МАЗМҰНЫ

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі

Барсай Б.Т.

Болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру-
бүгінгі күннің басты талабы 3

Подготовка менеджеров образования

Аганина К.Ж., Рахымбердиева А.В.

Организационно-педагогические условия совершенствования подготовки менед-
жеров образования 7

Жаратылыстану білімі

Манкеш А.Е.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша дайындалған жаратылыстану пәнінің
оқу-әдістемелік кешені 11

Cognitive development

Kassymova K. Gulzhaina, Francis Badiang Oloko

Cognitive development based on e-learning 16

Экономическое образование

Аганина К.Ж.

Совершенствование экономического образования школьников
на основе формирования навыков XXI-века 19

Биологическое образование

Андреева Н.Д.

Научно-педагогические школы кафедры методики обучения
биологии и экологии герценовского университета 22

Хип-хоп педагогика

Нұрғалиев Н. У.

Хип-хоп педагогика 25

Инновационные технологии

Бакирова.К.Ш., Лаханова Ф.Е.

Организационно-педагогические условия формирования
информационно-коммуникативных умений 29

Химиялық білім

Өнербаева З.О., Самихова М.Р.

Химия курсының оқытудағы зертханалық инновациялық технологиялар 33

Білім саласындағы менеджмент

Аганина Қ.Ж., Сағынғалиев Д.Н.

Болашақ білім саласы менеджерлерін ұйымдастырушылық- атқарушылық іс-
әрекетке даярлау 38

Выпускается 6 раз в год
№1 (6) 2019 г.

Журнал зарегистрирован в Мини-
стерстве культуры, информации
и общественного согласия Ресубли-
ки Казахстан.

Свидетельство № 6380-Ж
от 04.10.2005 г. Астана.

Журнал педагогика ғылымдары
бойынша басылымдар тізіміне Қа-
зақстан Республикасы Білім және
ғылым министрлігі Білім және
ғылым саласындағы бақылау
комитетінің 2009 жылғы 22 сәуірдегі
алқа мәжілісінің шешімімен енгізілді
№4 хаттама.

Журнал входит в список педа-
гогических изданий Комитета по
контролю в сфере образования и на-
уки МОН РК решением коллегии от
22 апреля 2009 года, протокол №4.

Журнал выпускается в бумажном
и электронном формате.

Подписной индекс: 75358
Подписано в печать 23.02.2019 г.
Формат 60x84 1/8
Печать офсетная.
Тираж 500
Учредитель ТОО "Самгау А&Н"

Главный редактор:
Аганина Кундыз Жамиевна
Редакторы:
Даулеткулова Айгуль
Касимова Гулжайна
Рахымбердиева Айнұр

Адрес редакции: г.Алматы
ул. А.Байтурсынова 90/92 кв4
Телефон\факс: 8(727)292-87-89
8777-277-13-70
Электронная почта:
aganinak@mail.ru
samgay@mail.ru
Сайт:
www.bilimalaminde.kz

"Таугүл-ПРИНТ" баспаханасында
басылды.
Алматы қаласы, Центральная 36,
Байланыс тел: 8(727) 293-15-18

ХИП-ХОП ПЕДАГОГИКА

Тірек сөздер: хип-хоп, рэп, айтыс, тональдылық, ритм.

Аннотация: мақалада Қазақстандық білім беру саласына тылсым дүние - хип-хоп педагогиканың тарихы, әдіс-тәсілдері және оларды пайдалану технологиясы қарастырылған.

Білім беру саласында әндерді оқушыларға эмоциялық әсер ету құралы ретінде пайдалану идеясы қоғам үшін жаңалық емес. Мысалы, 1980 жж. ортасында көгілдір экранға шыққан «Қалай жұлдыз болуға болады» деген фильм эпизодтарының бірінде Ресейдің халық әртісі Валерий Леонтьевтің орындауында «Гиподинамия» әні шырқалған болатын. Бұл әннің мәтінінде гиподинамия деген аурудың анықтамасы жеңіл, әрі түсінікті тілмен берілген болса, қайырмасында осы аурудың алдын алу шаралары нақты келтірілген. Яғни, аталмыш өнер туындысы гиподинамияның алдын алу үшін арнайы жазылған деуге болады. Дегенмен, бұл әннің авторы Андрей Вознесенский мен композиторы Раймонд Паулс білім беру саласының мүлдем жаңа бағыты – хип-хоп педагогиканың Кеңес Одағында дүниеге келуіне себепкер болғанын да сезбеген секілді. Олай болса, хип-хоп педагогиканың тарихына көз жүгіртейік.

Алғаш рет қара нәсілді ұлт өкілдерінің арасында кең таралған хип-хоп мәдениетінің білім беру саласына тиімділігі туралы дебат 1978 ж. АҚШ-ның Нью-Йорк қаласында оздырылған екен. Кейінірек осы тақырып төңірегінде өзінің «Хип-хоп күші» атты магистрлік диссертациясында радио комментаторы Дэвид Кук ой қозғаған болатын. [1, 5-бет] Бұл бағытты ұстанушылардың келесі жарқын өкіліне АҚШ-тың ұлы ұстаздарының бірі – Рон Кларкты жатқызуға болады. Нью-Йорктың ең нашар мектептерінің бірінде оқушылардың білімге деген құштарлығын түрлі инновациялық әдістер арқылы арттырған атақты мұғалімнің шынайы тағдыры туралы

*Нұрғалиев Нұрым Уағиоллаұлы
Алматы қ. ХББ НЗМ мұғалім-эксперті*

2006 ж. шыққан «Рон Кларктың оқиғасы» фильмінен педагогтың Америка тарихын рэп арқылы жеткізген эпизодын көруге болады. Ресей Федерациясындағы хип-хоп педагогиканың ресми түрде дүниеге келген жылы 2015 жыл деп санауға болады. Себебі Орыс география қоғамының ұсынысымен Edutain-студия компаниясы Ресей мемлекетінің физикалық-экономикалық географиясын мектеп оқушыларына ойын түрінде жаттату мақсатымен «Рэп-сабақ» деген жобаны іске қосып, нәтижесінде тамаша сандық білім беретін ресурстарды жарыққа шығарған болатын. Қазақ педагогикасында бұл бағытты зерттеу жұмыстарының алғашқы қадамы ретіндегі мақала 2016 ж. Қостанай қаласында өткен «Инновацияларды практикаға енгізуде педагогикалық ЖОО мен білім беру мекемелерінің интеграциясы» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның жинағында және «Білімді ел» Республикалық қоғамдық-саяси газетінің 2016 ж. 10-нөмірінде жарыққа шықса, инновациялық проект ретінде 2016 ж. «Өрлеу» біліктілікті артыру ұлттық орталығы» АҚ Алматы облысы бойынша филиалы ұйымдастырған ІІ Республикалық педагогикалық оқулардың облыстық кезеңінде және «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының «Педагогикалық идеялар фестивалі» сайысында таныстырылып, «Хип-хоп педагогика» атты авторлық бағдарлама ретінде 2018 ж. ҚР Әділет Министрлігінде тіркелді. Ендеше хип-хоп педагогиканың артықшылықтарына тоқталайын.

Біріншіден, ән айту диалогтық оқытудың әдісі ретінде терминологиялық сөздік қорын кеңейтіп, пәндік ұғымдарды тереңірек меңгертуге мүмкіндік беретін тәсіл болып табылады.

Екіншіден, әндер оқушылардың дикторлық қабілеттерін жетілдіруге, музыкалық дарындылығын, соның ішінде тональдылық пен ритмиканы дамытуға септігін тигізеді.

Сонымен қатар, ән арқылы әрбір оқушының шығармашылық қабілеттерін анықтап, сыныпта жағымды психологиялық атмосфера қалыптастыруға, оқушылардың эмоционалды тонусын көтеріп, пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға болады.

Әрине, оқу-тәрбие процесінде оқушының ой-өрісі мен ішкі дүниесін біріктіретін әндер кез келген халық шығармашылығында көптеп саналады. Алайда ән сабағынан басқа пәндердің оқыту әдістемесінде белгілі бір тақырыпты баяндайтын айрықша және оқу мақсаттары үшін арнайы дайындалған музыкалық материалдар мен әндерді саусақпен санауға болады. Сондықтан оқу процесіне теориялық материалды меңгертуді ғана көздемейтін, сонымен қатар оқушыларды рухани тәрбиелеуге және олардың эстетикалық талғамын қалыптастыруға септігін тигізетін ресурстарды енгізу қажеттілігі туындап отыр. Осы мақсатпен 2013 ж. Астана қаласында Назарбаев Зияткерлік мектептері мұғалімдерінің арасында өткен «Жылдың үздік ұстазы» байқауының «Педагогикалық жағдаят» турында Ерболат Құдайбергеновтың «Үш жүз» әнінің әуеніне жазылған «Геохронологиялық шкала» композициясын шырқаған болатынын. Биология сабағында органикалық дүниенің эволюциясын толық баяндау үшін пайдалануға болатын бұл әннен үзінді келтірейін.

1. Геохронология
Шкаласының басына
Қарасаңыз көз сала,
Жаратылған планета
Төрт жарым миллиард жыл
Бұрын зор жарылыстан,
Бір миллиард жылдан соң
Пайда болған тірі жан.
Архей атты алғашқы эонда
Пайда болған прокариот бактерия,

Строматолит деген қалдық қазба,
Фототрофтар түзілген соңында.

Қайырмасы:

Ерте заман - палеозой,
Орта заман - мезозой,
Соңғы заман - кайнозой,
Алдымен архей, протерозой.

Жоғарыда келтірілген биологиялық әнді хип-хоп педагогиканың қазақ тіліндегі тұңғыш өнімі деп білемін. Дегенмен, қазақ тіліндегі рэпті алғаш рет 2016 ж. Алматы қаласының химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде 8-сыныпта өткен «Өкпе мен ұлпадағы газ алмасу» тақырыбындағы сабақтың тақырыбын ашу үшін пайдаландым. «Ой қозғау» бөлімінде қолданылған бұл рэптің тексті:

Өткенде біз қарадық зат алмасу,
Аэробты, анаэробты тынысалу,
Демтүтік, желбезек пен өкпе тану.
Реакция теңдеуі бұл тынысалу:
Шығады алты оттегі плюс көмірсу
Көмірқышқыл газы мен алты моль су.
Бүгін біз қарастыратын тақырып аты -
«Өкпе мен ұлпадағы газ алмасу».

Ал бірінші сәуір күні осы білім ордасында, күн сайын өткізілетін брифингте «Құстар күніне» орай тұңғыш рет қазақ тіліндегі биологиялық клиптің тұсаукесері болды. Осы клипте караоке үшін титр түрінде жазылған мәтінін ұсынайын.

Бірінші сәуір – құстар күні!
Құстар дегенің – табиғат көркі!
Систематикада Chordata типі,
Омыртқалылардың ұшатын өкілі.
Қауырсын қаптаған оның денесі,
Құрғақ, әрі жұқа құстың терісі,
Құйымшақ болмаса, өте аз бездері.
Мишығы құстың, мінезі күрделі.
Пневматикалық жеңіл сүйегі,
Арқа, сегізкөз, белі бірікті,
Бас сүйегі де, жіліншікке ие.
Көпшілігінде төс қыртөс түзеді.
Қанатқа айналған алдыңғы аяғы,
Көпшілігінің үш-төрт саусақты.

Өкпесінде бар ауа қапшығы,
«Қосарлы» атау тынысалуы.
Сақталған оң жақ қолқа доғасы,
Жылықанды оның температурасы.
Тістер жойылып, тұмсық дамыды,
Ұшатындықтан жойылған қуығы.
Көбейгенде құс іштей ұрықтанады,
Аналықта жоқ оң жыныс безі,
Әкті қабықты жұмыртқа салады,
Қызылшақа және ширақ балапаны.
Жақсы дамыған ұрпақ қамқорлығы,
Аталық жыныс гомогаметалы.
Дегенмен болмайды сыртқы құлағы,
Сезім мүшесінен көзі қырағы.
Пингвин, түйеқұс, қыртөс тармағы.
Биосферада үлкен маңызы.
Археоптерикс – құс ата-тегі,
Орнитологтар, бұл құстар күні!

Хип-хоп педагогика элементтерін тек биология пәндерінде ғана емес, сонымен қатар түрлі кәсіби сайыстарда өзіңді таныстыру үшін де пайдаланған тиімді. Мысалы, 2013 ж. Астана қ. Назарбаев Зияткерлік мектептері ұстаздарының арасында оздырылған «Жылдың ең үздік мұғалімі» сайысында өзімнің әдістемемді ән арқылы таныстырған болатынымын.

1. Микроскоппен жұмыс істе,
Толтыратын бұл кесте.
Жүппен клетка моделін
Пластининнен істе.
Қайырмасы:
Электронды оқулықтар,
Фильм мен аудиолекциялар
3D форматтағы өнім,
Activtable мен хат-сенім,
«Миллион кімге бұйырады»,
Және «Ғажайып алаңы».
Бағалау үшін қолданам
Перфокарта, «аукцион» ойыным.
2. SPARK-пен түсір ЭКГ,
Түсіндіресін графикті,
Нәтижесін тобында
Талқылап, зертте.
Қайырмасы:
Асық, айтыс, кинеограф,

Оригами, зооворд, дартц,
Жануар фигуралары
Кейде пайдаланылады.
Рөлдік ойын, тренингтер,
Биологиялық әндер
Жасап, оқушылар барар
Оранжерея, зоопарктар.

Сонымен қатар, 2017 ж. өткен «Microsoft компаниясының инновациялық педагог-эксперті» Республикалық сайысының I тур тапсырмасына да хип-хоп педагогика элементтерін пайдалануды жөн көрдім. Соңғы туындының бұрынғылардан 2 ерекшелігі бар. Біріншіден, үш тұғырлы тіл саясаты тұрғысынан рәп қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқылса, екіншіден тұңғыш рет менімен бірге менің шәкірттерім де хип-хоп педагогика қыр-сырларын меңгерді.

1. Неліктен мен санаймын
Педагогы ретінде
Microsoft компаниясының
Инновация эксперті?
Бұл сұрақтың жауабын
Он бір жұмыс орны мен
Он бір жылды құрайтын
Іздейік карьерамнан.
Осы жылдар ішінде
Сексеннен астам ұстазды
IT-тренер ретінде
Оқытыпшын, өткіздім
Батыс Қазақстандағы
Жеті аудан орталығы,
Орал, Атырау, Алматы
НИИШ-та шебер сыныбы.
Төрт оқу фильмі мен
Электронды оқулық
Құрастырып, атандым
Корреспондент мүшесі.
Енді тиімді тұстарын
Қолданудың Office-ті
Түсіндірейін, ол үшін
Өзгертем тіл, ритмді!

2. Как я использую приложения Microsoft?
Чтобы ответить, сочинил я стишок.
Word, например, для используем писанины
Этот редактор популярен во всем мире!

В Excel, как всегда производим вычисления, Можно провести и анкетирование. Еще в нем удобно создавать расписание, График, гистограммы, таблицы, кроссворды. Для демонстрации используем на уроке Я и ученики презентацию в Power Point-е. В нем так легко создавать анимацию, Проводить разные игры, а также релаксацию. Access, Publisher, Outlook и OneNote. Это не все продукты Microsoft. Теперь расскажу свои планы на английском Если вдруг стану педагогом-экспертом!

3. If I become an educator expert,
Specific videoguides I can create,
So if you have any doubts about that
The students will tell you from their heart:
Yes, our teacher can and will become
An innovative educator expert
Of the best world company in education
The name of which is Microsoft.

Хип-хоп педагогика тәсілдерін әріптестеріме тарату мақсатымен Әблахан Еспаевтың «Ұстазым» әнінің әуеніне формативті бағалау туралы өлең құрастырылған болатын.

1. Бағалау үрдісінің бас мақсаты -
Қалайша жақсартуға болатыны
Оқушы нәтижесін одан әрі.
Сондықтан өтуі керек ол үнемі!
Қайырмасы:
Оқыту үшін бағалау -
Деңгейін білім анықтау,

Көрсетіп қате, мадақтау,
Прогресті әрі жоспарлау –
Формативті бағалау.

2. Бағалау жүргізуге қалыптастырушы
Оқудың мақсаттарын біл оқушы!
Бағалау критеріін түсінген соң
Белсенді әр кезеңінде қатыс сабақтың.

3. Бағалау тиімдірек болу үшін
Әрдайым кері байланыс жасаған жөн,
Оқушы өзі жасап рефлексия.
Ұстазым, әдістемене жол – коррекция!

Сонымен, кез келген өнер туындысы ретінде әнге вербалды мәтіннің болуының арқасында коммуникативті қызмет тән. Әннің бұл ерекшелігін ұстаздар шәкірттерінің сыни тұрғыдан ойлауын, АКТ құзіреттілігін дамыту мақсатында өз пәндерінен әндер шығарту арқылы қолдануы керек деп есептеймін. Қазіргі таңда хип-хопқа негізделген білім берушілерге АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында 2004 ж. құрылған Хип-хоп ассоциациясы мен бастапқыда Twitter әлеуметтік желісінде онлайн чат ретінде ашылған HipHopEd ұйымы қолдау жасап келеді. Бұл ұйымдар жыл сайын хип-хоп педагогикаға арналған конференция мен саммит ұйымдастырып келеді. Болашақта хип-хоп педагогиканың қазіргі кезде жиі пайдаланылатын рэп жанрынан басқа қазақ халқының ұлттық өнерінің бірі – айтыс-сабақ саласының бастау алатынына күмәнім жоқ.

Әдебиеттер тізімі:

1. M.Hall. Education in a Hip-Hop Nation: Towards a Social Justice Hip-Hop Pedagogy. NY, 2009, 71 pp.
2. Ерболат Құдайбергенов «Үш жүз» Астана-2016

Резюме

В статье рассматриваются история, методы и технология их применения только зарождающегося направления Казахстанского образования – хип-хоп педагогики.

Summary

The article discusses the history, methods and technology of the application of just new direction of Kazakhstanian Education - hip-hop pedagogy.